## Экономика ойыны

**Мақсаты:** тапқырлық, тез ойлау, экономикалық сауаттылықты қалыптастыру.

**Міндеттері:** 1. Білімділік: өткен материалдарды меңгерту және бекіту;

2. дамытушылық: танымдық белсенділік пен тұлғаның шығармашылығын дамыту, өзгеріп жатқан сыртқы жағдайда сын тұрғысынан ойлау мен оңтайлы мүмкіндіктерді қолдануды арттыру;

3. тәрбиелік: жұмыстың топтық және ойын түрлері арқылы білім алушының бойында экономика пәнін қызыға оқуға тәрбиелеу.

## Ойын-сайысының барысы

**I. Мұғалімнің кіріспе сөзі:**

Бүгін біз экономика саласындағы білгірлерді анықтау үшін жиналдық. Әр тапсырма үшін ойынға қатысушылар бір тиынға ие болады. Көп тиынға ие болған команда жеңімпаз аталады.

Экономика дегеніміз не?

«Экономика» сөзі бұған дейін үй шаруашылығын жүргізу өнері деген мағынада қолданылған. Бүгінгі таңда «экономика» деген сөзінің мағынасы кеңейді. Қазіргі заманда экономика дегеніміз біртұтас аумақ, елдің, әлемнің шаруашылығын білдіретін сөз. Экономика деп адамдардың барлық іс-әрекеттері мен қоғамдағы қарым-қатынастарын атайды. Сонымен, экономика – бұл адамдар мен қоғамның шектелген ресурстарға ие бола отырып, тауарлар мен қызметтерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруы туралы ғылым. «Экономика» деген сөзін ең алғаш ойлап тапқан кім? (Аристотель).

**Тапсырма:** Бұл терминді ғылымға Ежелгі Грек философы Аристотель енгізген, бұл сөз «шаруашылық заңдары» деп аударылады. (Жауап: Экономика).

Ал енді экономикалық викторина өткіземіз.

**Сұрақтар:**

1) Бұл жануар үнемі ақшалы **(доңыз: мұрны 5 тиынға ұқсас)**
2) Ресейде сатып алушыларды үнемі алдағаны үшін гильдиядан қуылған көпестерді қалай атаған? **(разгильдяи)**
3) Балғамен ұрып, бағаны өсіретін іс-шараны атаңдар? (**аукцион)**
4) Миллионды мыңдап санайтын кім? **(миллиардер)**
5) Қай елді «бүкіл әлемнің банкирі» деп атайды ? **(Швейцария)**
6) «Кока-кола» «пепси – колаға» кім болады? **(бәсекелес)**
7) Капитан Флинттың тотықұсының сүйікті тиынын атаңдар **(пиастр)**
8) Тиынның бет жағы қалай аталады? **(аверс)**
9) Тиынның сырт жағы қалай аталады? **(реверс)**
10) Сауда үйіндегі тауарлар айнасы **(витрина)**

**11)** Ертегіде тұяғымен соғып, алтын тиын шығаратын қай жануар? **(киік)**

**12)** Қай орыс халық ертегісі ұжымдық еңбектің тиімділігін насихаттайды? **(шалқан)**

## Экономикаға байланысты сөздерді шифр арқылы анықтаңыз:

ТАҚЗЕНЫЕЙ (зейнетақы)
НАРМАЖА (жарнама)
ЛАЫҚАЖ(жалақы)
ІСЕКМІЛ (келісім)
КАНОЭКОМИ (экономика)
РАТАУ (тауар)

**Экономикалық жұмбақтар:**

Тауардың бар таласы,
міндетті түрде болу керек ...**(бағасы** )

Өзен толы балық,
Көктем келді, төле ... **(салық)**

Бүгінгі шұжық бағасы
оны анықтайды ... **(таразы)**

Банкке салған ақшасы,
кіріс әкелер ... **(қаржы )**

Жиһаз, киім алу үшін інісіне
банктен алды ... **(несие)**

Жыл бойы еңбек етуге тырыс,
өнімің болар .... **(кіріс)**

Бала анасыз болмағандай,
онсыз сатылым болмайды ... (**жарнама)**

Сақталады танкте,
Жинақтарың **…(банкте)**

Дәрігер де, әртіс те төлейді жолақы,
еңбегі үшін алады ... . **(жалақы)**

Теңгеге – тиын, долларға – центтер
банкте өсер ... **(пайыздар)**

**Экономикалық ребустер**

. . . . . .  . . . . . .

(Собственность)  (Деньги)

(Жекеменшік)  (Ақша)

..... .....

(Налог) (Кредит)

Салық Несие

**«Әдеби» сайыс (мақал-мәтелдер жеке қағаздарда жазылып, қиылған)**

**Тапсырма:** карточкаларыңызда берілген мақал-мәтелдерді аяқтаңыздар.

1. Шашу оңай, жинау ... (қиын)
2. Теңге тиыннан ... (өсер)
3. Кірісіне карай ... (шығысы)
4. Жүз сомың болғанша, .. (жүз досың болсын)
5. Тиын теңге ... (сақтайды)
6. Тиынсыз ...(теңге жоқ)
7. Ақшаға ... (есеп керек)
8. Барымен .... (базар)
9. Кедей жолға шықса, ... (белбеуін тығыз байлар)
10. Дәулетпен емес, .... (адаммен тұру).
11. Ақылмен ... (дәулет табылар).
12. Бай бауырын ... (танымас)

**Жалпы терминдермен біріктіріңдер.**

**Тапсырма:** Қатысушылар берілген сөздерді жалпы экономикалық терминдермен біріктіреді.

1. Тауар, ел, тасымал (экспорт)
2. Тауар, ақпарат, сатып алушы (жарнама)
3. Мекеме, несиелер, қарыз, тұтынушы (банк)
4. Ақша, құны түсу (инфляция)

**<u>Көрініс</u>:**

Сыныпқа Патрик және Спанч Боб кіреді. Балалармен сәлемдеседі.

**Патрик:** Біз сендерге маңызды іспен келдік. Қараңдаршы, менің қолымда не бар? (ақша, банкнот көрсетеді)

**Балалар:** Ақша

**Спанч Боб:** Дұрыс, ақша. Ал мынау не? ( тиын көрсетеді)

**Балалар:** Ол да ақша

**Патрик:** Спанч Бобтағы ақша мен менің қолымдағы ақшаның қандай айырмашылығы бар?

**Балалар:** Бірі- қағаз ақша, бірі- металл ақша.

**Патрик:** Түрлі металлдан жасалған ақша қалай аталады? (тиын)

Ал заманауи қағаз ақша қалай аталады? (банкнот)

**Спанч Боб:** Сендерге біздің бір өтінішіміз бар. Дүкенге шыққанда, ақшаны қайда саларымызды білмейміз? Ақшаны қайда салу керек? (әмиянға). Балалар, бізге, мүмкін, көмектесіп жіберерсіңдер?

**Тапсырма:** Патрик екеуіміздің ақшамызды салатын әмиянды қағаздан дайындаңыздар.

**Капитандар сайысы:**

«Қымбат» және «арзан» сөздерімен сәйкес сөздерді анықтаңдар. Белгілі карточкалармен көрсету (жасыл және қызыл).




**«Қара жәшік» сайысы**

**«Қара жәшікте» не бар? Табыңдар ( жәшікте шоколадты тиындар бар).**

**Сұрақ:** адамдар оны түрлі материалдардан жасайды. Кейбір адамдарда мол, кейбірінде аз. Әр елде оны әр түрлі атайды. Бұл не? (ақша) .

**Жүргізуші:** Біздің ойынымыз аяқталды. Бірақ сендердің «Экономика» деген керемет елге саяхаттарың енді басталды. Саяхаттарың сәтті болу үшін сендерге Татьяна Смирнованың «Тиін және компания», Э.Успенскийдің «Крокодил Генаның бизнесі» деген кітаптарын оқуға кеңес береміз.

Ойындар мен сайысты қорытындылау. Марапаттау. Ең белсенді қатысушыны «Экономика білгірі» медалімен марапаттайды.